

**ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАРДАҒЫ ТҮРКІ
ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ АТАУЛАРДЫҢ
ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

**ETHNOLINGUISTIC CHARACTER OF PAREMIOLOGICAL ACTIONS
OF COMMON TURKIC NAMES**

Жазира ИСАЕВА*

Түйіндеме

Түркі халықтарының тарихи дамуы жолындағы этностық және тілдік жақындық пен дербестікті айқындастын тілдік материал –paremiological actions қолданыстардан, фразеологизмдерден мағына, тұлға ортактығын байқауга болады әрі ол туыстық көрсеткіштерін көрсететін дереккөз де.

Мақалада түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде ортақ атауларға этнолингвистикалық талдау жасау арқылы этностық және тілдік жақындық пен дербестікті білдіретін тірек сөздер айқындалып, лексика-тематикалық топтарға ажыратылды.

Кілт сөздер: лексикалық бірліктер, paremiological actions қолданыстар, фразеологизмдер, т.б.

Summary

Language material which defines ethnic and language proximity and independence on the way of historical development of the Turkic people, and it is possible to observe concepts, relationship from the paremiological action, phraseology, and provide community indicators.

The ethnolinguistic analysis of the general names in Turkic languages, including in the Kazakh is defined basic words expressing ethnic and language proximity and independence and distributed on lexicon - theme groups.

Key words: lexical units, paremiological applications, phraseology, etc.

Паремиологиялық қолданыстардың мағыналық және құрылымдық түрфысынан зерттеу әрі түсіндірме сөздігі түрінде жазылған «Халық даналығының» көздеңен мүддесін «зәрдемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, ментальдық қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды терең біліп, дүниетанымымызды көңейте тусу» [1, 5] деп көрсеткен Ә.Т.Кайдар түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін «халық даналығының

* филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philological sciences, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan. jazirhon79@mail.ru

қоры» деп бағалап, ол қорды көненің көзіндей «ескі дүниелер» мен «замана талабына сай жаңғыратын, жаңа ұғым-түсініктемен толығып, толысып отыратын» екі жақты тілдік процестердің «үйтқысы» ретінде айқындейдьы. Ол ғасырлық өмірлік тәжірибе мен қордаланған білім жиынтығының нәтижесі – халық даналығының қоры тіл өкіліне «...өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға» [1, 23], «...есте жоқ ескі замандардың сарының аңғартып, тарихи дәуірлердің дубірін сезінуге» [1, 24], «...болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдап айтуға», «...адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықты бағалауға» [1, 31] көмектесетініне шек келтірмейді. Мақал-мәтелдердің даму барысын «тіл арқылы адамзат қауымының асыл арманын, ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын ұрпағына ғибрат етіп ұсыну әрекеті» деп түсіндірген Ә.Т.Қайдар «өмірлік тәжірибе», «тағылым-тәрбие», «салт-сана», «ұрпақ зердесі», «халық жады», «ұлттық дүниетаным» т.б. ұғымдардың табиғатын тілтанымдық, этнолингвистикалық зерттеулердің құрамадас бөлшектері тұрғысынан саралай қажеттігін басып айтады [1, 8].

Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде өзінің тұтастығын, өзіне тән ұлттық ерекшелігін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан тазалығын В.В.Радлов: «...қазақтардың тілі исламның бүлдірушілік сипатына ұшырамай, түпкі таза түбін, түркілік сипатын сақтап қалған» десе де, оны сөздік құрамында да түркі тілдеріне ортақ лексикалық бірліктердің болуы – бұл халықтардың генетикалық тығыз байланысты болуын білдіреді.

Түркі халықтарының тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындық пен дербестікті айқындейтын тілдік материал – тұрақты тіркестерден мағына, тұлға ортақтығын байқауға болады, әрі ол туыстық қөрсеткіштерін айқындейтын дереккөз де.

Мысалы, тілімізде *жілік майы таусылу, жілігі татымау, делбе болған жылқыдай, алма – алма ағашынан алыс түспес, қазақ қайың сауды, қырғыз фиссар ауды* т.б. тіркестер қалыптасқан.

Жілігі татымау, жілігі үзілу, жілік майы таусылу тұрақты тіркестерінің үйітқы сөзі – жілік. Осыған ұқсас қырғыздарда *жилиги үзүлүү* фразеологизмі бар. Көнігі ат бапкерлери арыған тұлпарды күтімге алғанда, оның қасына басқа ат қосып, екеуін бірдей қарауға алған. Арыған сәйгүліктің бабы келді-ау, жіліншігіне май толды-ау деген кезде, қосымша жарамдағы жылқыны сойып, жілігін шағып,

ішіндегі құрамын қарап, жаратылатын жылқының жағдайын мелшерлеген. Конданып, ет алған жылқының жілік сүйегі майға толы болады. Ат бапкерлері тұлпардың бәйгеге жарамды екенін осылай айыратын болған. Демек, жілік майы таусылу «арыған, бәйгеге жарамсыз, күтүсіз» деген мағынаны білдіреді.

Ал қазақ қайың *сауғанда*, қырғыз *Fissar ауған* тұрақты тіркесі қырғыз тілінде «*Казак қайың сағанды, Қыргыз Ысар кирген*» деген түрде келеді. Бұл мақалдың шығуына белгілі тарихи оқиға негіз болған және *Ысар// Гисар// Fissar* қазақ тілінің орфоэпиялық занына негізделіп алынған тәжікі еліндегі жер аты.

«*Делбе болған жылқыдай*» тіркесінің пайда болуына жылқының миына құрт түсіп ауырғандағы күйі тірек болған. Делбе сөзі монғол тілінде дәлбә-1. (гүл) жапырақша. 2. цулбур-шылбыр, цулбур өвс-өс. таспажапырақ, жыланқияқ; якут т. даlbı-сильно до последней крайности, совъсъмъ, раз-/битъ/; dalbı a ыла - сильно запыхаться [2, 56-65]; түркмен т.: -кемақыл, дәли, тентек [23 дегенді білдіреді]. Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай «делбе» сөзі 1. З.е. арба, шанаға жегілген көлікті жөнге салып, жүргізіп отыратын қайыс бау, божы; 2. Бас айналдыратын, сандырактатып, ауыртатын дерпт (маникальное состояние); 3. Өс. жіңішке, ұзын, қияқ тәріздес таспажапырақ шөп.

Жылқы маына қатыстыра айтылатын *андызды жерде ат өлмес* тұрақты тіркесінің түп тамыры терең тарихта екендігін М.Қашқаридың «*аңдуз болса, ат өлмәс*» тіркесінен көруге болады.

Түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де ортақ өсімдік атауларын Б.Қалиев, М.Қашқаридың «Диванынан» және Кодекс Куманикустен ұшыратуға болатынын жазып, атап көрсетеді [4, 55]. Олар: алма /alma/, андыз /anduz/, арпа /arpa/, бидай,/biyday/, жаңғақ /jaŋaq/, жуа /java/, жусан /jarsan/, жекен /jekan/, қайың /qajin/, қаңбақ /qamyaq/, қамыс /qamis/, қара от /qara ot/, тары /tarıy/, терек /terak/, ши /ciy/ т.б.

Түркі халықтарының тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындық пен дербестікті айқындайтын тілдік материал өсімдік атауларына да және олардың қатысуымен жасалған тұрақты тіркестерге де байланысты. Осыған қатысты бірнеше тақырыптық арналарды қарастыруға болады.

1. Ағаш атауына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер:

Ағаш – түрік, қырғыз, ноғай, қазақ тілдеріндегі беретін мағынасы: 1. өсімдік. 2. ағаш, діні, бағана, бөрене. 3. құрылыш

материалы. 4. ұзындық өлшемі (6-7 м.) [5, 72]. Ағаш сөзінен туындаған тұрақты тіркестер.

М.Қашқаридан *куруғ жіғач* *әгілмас*, *курміш кіріш тугулма* түрінде келетін тұрақты тіркес өзбекше *куруқ еғач* *әгілмайды*, *қуриган кириш /новда/ боғланбайды*, *тугулмайды*, қазақша *Құрғақ ағаш иілмейді*, *қысқа жіп курмелмейді* болып келеді.

М.Қашқаридан: *Борінің ортақ, құзғуның жіғач башінда*

ұйғ.: *Бөрінің-тәң-отақ, қағинин дәрәх учида*

қаз.: *Бөрінің /табысы/ ортақ, құзғындықі ағаш басында*. Бұл арада қасқыр табысын бірден жеп кете алмайтындықтан, ол жүгірген аң мен ұшқан құсқа ортақ, ал қарға болса, тапқанын тұмсығымен тістеп алып, ешбір жыртқыш жете алмайтын ағаштың басына қонып алып, өзі ғана жейді деген мағынаны беріп тұрғаны белгілі. Ұйғыр тіліндегі ағаш деген түркілік сөздін орнына *дарап* деген парсы сөзінің, ал М.Қашқаридан сөздігінде *йығаң* түрінде келуі, қазақ тіліндегі *ағаш* вариантының сақталуы, В.Радловтың қазақ тілі туралы айтқан пікірінің дұрыстығын көрсетеді. Сонымен қатар, «*дарап*» сөзіне байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер қазақ тіліне де тән. Мысалы, *дарап бір жерде көгерер, шыбық өсіп, тал болады, тал өсіп дарап болады* (С. Бақбергенов).

М.Қашқаридан: *уқушсуз киши ол йемишсиз йығаң*.

қаз.: *ұқыпсыз адам - жеміссіз ағаш*. «Ісінде береке жоқ ұқыпсыз адамның еңбегінде нәтиже болмайды, сондықтан жеміс бермейтін ағаштай сүйкімсіз» деген мағынада.

2. Қайың сөзіне қатысты тұрақты тіркестер:

Қайың - тат. каен, башқ. қайын, қыр., қаз., қайың, түрк. қайын, өзбек. қайин, ұйғ. қейин т.б. Азербайжан тілінде тозағачы түрінде көбірек қолданылады. Түркі тілдерінде «тоз» сөзі «береста» мағынасын береді. Мысалы, сөзге сенбе, тозға сен; башқ. қайындың тузын мақта, имәнден узен мақта; қаз. қайыңның тозын мақта, еменнің өзін мақта мақалдары соның айғағы.

Ал *sogni sulı̄qa qajı̄n qası̄qa/ива* известна своей свежестью, береза корой (твёрдостью) [5, 72] мақалының қазақшасы «тал - жұмсақ, қайың - қатты». Бұл оралымның берер мағынасы өрбір адамда әр заттағы сияқты өзіне тән қасиеті, мінезі болатынын көрсету.

қаз.: Қазақ қайың сауды, қырғыз Füssap ауды.

қыр.: Қазақ қайың сағанда, қырғыз Ысар кирген - XVII-XVIII ғ. жонғар шапқыншылығы кезінен қалған сөз. *Қайың* сөзіндегі бес дыбыстың алмасып келуін қазіргі түркі тілдерінен де байқаймыз: 1)

дауыссыз: а/ бастапқы қ/к; ә/соңғы н/н 2) дауысты а/ бірінші буында а/ә; ә/ екінші буында ы/й; қайың /қайын/кайын/ кайин/ кайын.

3. Алма сөзіне қатысты тұрақты тіркестер:

Алма - қазақ, татар, қырғыз, үйғыр, түрк. тілдерінің барлығында бірдей аталады [6, 207]. Алма сөзі қыпшақ тобына жататын тілдерде адам денесінің кейбір мүшелерін салыстыру мақсатында қолданылады. Мысалы, қаз. ққалп. екі беті алмадай, бетінің алмасы; қаз. алма мойын, қыр. алмадай басын чабайын

ққалп.: Алма қасында аузынды жап - біреудің дұниесіне қызықпа;

баш.: алма беш, аузыма төш;

тат.: алма пеш, авызыма төш;

қаз.: алма піс, аузыма тұс;

өзб.: алма пиш, оғзимға туш;

түркім.: алма биш, агзыма душ;

М.Қашқари: Атасы ачығ алмыла йәсә, оғлұның тіші қамар;

қаз.: Әкесі аңы алма жесе, ұлының тісі қамаланар - әкесі жасаған қылмыстың зардабы артындағы ұлына қалатынын насхаттайды.

Құмық тіліндегі «Алма терегинден ары тушмес», қазақ тіліндегі «алма - алма ағашынан алыс түспес» сөз тізбегін К.Мусаев орыс тілінен аударылған калька (яблоко от яблони далеко не падает) деп есептейді. Жетису өнірінде алманың көптеген түрі өсетіні белгілі. Біздің ойымызша, жергілікті тұрғындар алмаға тән ерекшелікті жіті байқап соған орай өз тұжырымын айта білген. Бұл жайында XIX ғ. қазақтардың өмірі, тұрмысы жайлы жазған В. фон Герн жақсы айтқан: «...В Семиреченской области в местах жительства и кочевок казахов Большой Орды, в особенности в горах к югу от реки Или, и до сих пор еще много диких яблонь и яблоневые рощи, в относительно недавнее время, покрывали берега притоков реки Или. Поэтому можно допустить, что приведенная пословица самостоятельно выведена казахами из наблюдений их обстановки» [7, 40]

Сонымен қатар, о бастағы бір жолды не екі жолды тұрақты тіркестердің өзінің даму процесінде құрамы жағынан жаңадан жасалған қосымша компоненттермен кеңейіп, толығып отыруы мүмкін Мысалы, М. Қашқари: андуз болса, ат өлмәс. тат.: андыз бар жирдә ат үлмәс, ақсыргак бар жирдә ер үлмәс /яғни, андыз бар жерде ат өлмес, ақсыргақ бар жерде ер өлмес/ [8, 181-198] болып айтылады екен. Осы мақалдың қазақ тілінде екі компоненттен тұратын түрі бар: «Ербасы бар жерде ер өлмейді, андыз бар жерде ат өлмейді». Бұл мақалдың шығу тегі бір, екі тілге ортақ деп қарасақ, айырмашылығының мағынасы бізге көмексі «ақсыргак», «ербасы» сөздерінің қатысуында. Ал бұлардың ортақтығы мағынасында: кімнің, ненің болса да қажеттігі пайдалы қасиетінде.

Енді екі өсімдік атауы қатысқан, жартылай өзгеріске түскен /бірінші не екінші компоненті өзгеріске түскен/ түркі тілдеріне ортақ тұрақты тіркестерге мыналарды жатқызуға болады.:

М.Қашқари: Буғдай қатында сарфаж сувлур;

каз.: Бидай арқасында бидайық су ішер;

ұйғ.: Буғдайнин ғанисида қаримук су ичипту осыған мәндес қазақ тілінде «күріш арқасында күрмек су ішер» деген тіркесі бар. Бұл тіркестер бөтен біреудің көмегі арқасында дегеніне жеткен адамдарға арнап айтылады.

Мұндай мысалдарды әрбір тілден кездестіруге болады. Өйткені бұл туыстас халықтардың дүниетанымындағы, болмысындағы әр түрлі заттар мен құбылыстарды бағалай білуіндегі, бейнелеу тәсіліндегі ұқсастықтың нәтижесі.

«Түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдерге тән қасиеттердің бірі - дейді А.Нұрмахан, - тақырыптары мен мазмұндарының ортақтығы, ой бірлігі мен қолдану аясының диалектілерінде өздерінің дыбыс жүйесін, сөздік құрамын, грамматикалық құрылышын сақтап келгендей сезіледі» [9].

Корыта айтқанда, паремиологиялық қолданыстардың, тұрақты тіркестердің түркі тіліндегі ортақтығы мен тілдік сәйкестігі белгілі бір зандағылышқа, тарихи дерекке қатысты. Себебі оған: түркі тілдес этностардың көне заманнан бері бірге жасап, көрші тұруы; олардың өмір тіршілігіндегі, рухани мәдениетіндегі дүниетанымы мен пайымдауы; тіл төркіндестігі, текстестігі; бір тілде пайда болған тұрақты тіркестердің тіл зандағылышына ынғайластыра қабылдауы әсер еткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайдар Ә.Т. *Халық даналығы*. – Алматы: Толағай, 2004. -560 б.
2. Қалиев Б. *Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке*. Алматы, Мектеп, 1996.
3. Исаев С. *Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің бір типі жөнінде* // Қазақстан мектебі. 1965. № 9.
4. Қалиев Б. *Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары*. Алматы, Ғылым, 1988. –160 б.
5. ДТС. – Ленинград, Наука, 1969. –676 с.
6. Мусаев К.М. *Лексика тюркских языков в сравнительном освещении*. –М., Наука, 1975. –360 с.
7. В фон Герн. *Характер и нравы казахов*. Караганда, ТОО Комади и К. 1995.
8. Тұрабаева Ф. *Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақтық*. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. Алматы, Ғылым. 1988.
9. Нұрмахан А. В.В.Радловтың «Түркі сөздігіндегі» мақал-мәтелдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994. №1.